

10. Логинова А.В. Особенности и принципы функционирования педагогической модели «перевернутый класс» // Молодой ученый. 2015. № 9. С. 114–111.

11. Marshall H. Three reasons to flip your classroom [El. resource] // Bilingual Basics. August, 2013.–

<http://newsmanager.commpartners.com/tesolbeis/issue/s/2013-08-28/6.html>.

12. Graney J. Flipping Your EL Classroom: A Primer [El. resource] // [http://newsmanager.commpartners.com/tesolc/downloads/features/2013/2013-](http://newsmanager.commpartners.com/tesolc/downloads/features/2013/2013-10_flippedclassrooms_graney.pdf)

[10_flippedclassrooms_graney.pdf](http://newsmanager.commpartners.com/tesolc/downloads/features/2013/2013-10_flippedclassrooms_graney.pdf).

13. Muldrow K. A New Approach to Language Instruction – Flipping the Classroom [El. resource] // https://actfl.org/sites/default/files/pdfs/tle_pdf/tle_nov13

14. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / Е.С. Полат, М.Ю. Бухаркина, М.В. Моисеева, А.Е. Петров; под ред. Е.С. Полат. М.: Издательский центр «Академия», 2009. С. 33–34.

15. Лопухова Ю.В. Формирование ответственного отношения студентов педагогического колледжа к учению. Самара: Издательство СамГПУ, 2001. 108 с.

16. Уроки школьной программы [Электронный ресурс] // <https://interneturok.ru>.

17. Учительский портал [Электронный ресурс] // <http://uchportal.ru>.

18. Виртуальная академия [Электронный ресурс] // <http://virtualacademy.ru/videouroki>.

19. Воробьев А.Е., Мурзаева А.К. Научный анализ активных методов обучения студентов //

Вестник Атырауского университета нефти и газа N 4. 2017. С. 242-254.

20. Воробьев А.Е., Мурзаева А.К. Проблема оценки компетенций студентов получаемых в вузах // Вестник международного университета Кыргызстана №3 (33). 2017.

АВТОРЫ:

Мурзаева Айнагуль Кадыровна

Проректор Баткенского государственного университета по государственному языку и информационным ресурсам, Кыргызстан, г.Баткен. +996777047840

Murzaeva Ainagul Kadyrovna

Vice-Rector for State Language and Information Resources, Batken State University, Kyrgyzstan, Batken. +996777047840

Зикирова Шайгуль Камаловна

Заведующий кафедрой "Мировых языкой", Кызыл-Кийского педагогического института Баткенского государственного университета, Кыргызстан, г.Кызыл-Кия, +996774159222

Zikirova Shaigul Kamalovna

Head of the World Language Department, Kyzyl-Kyi Pedagogical Institute, Batken State University, Kyrgyzstan, Kyzyl-Kiya, +996774159222

Кочконова Миргуль Кубатовна

Преподаватель кафедры "Педагогика", Кызыл-Кийского педагогического института Баткенского государственного университета, Кыргызстан, г.Кызыл-Кия, +996772602767

Kockonova Mirgul Kubatovna

Teacher of the Department of "Pedagogy", ssps, Kyzyl-Kiya pedagogical Institute of Batken state University, Kyrgyzstan, Kyzyl-Kiya, +996772602767

СТУДЕНТТЕРГЕ СӘНДІК ҚОЛӨНЕРДІ - ҰЛТТЫҚ ГОБЕЛЕН ӨНЕРІ АРҚЫЛЫ ҮЙРЕТУ

Сманова А.С.

Абай атындағы ҚазҰПУ,
«Дизайн» кафедрасының п.ғ.к., ассоц. профессоры.
Қазақстан.

Бекболатова К.М.

Абай атындағы ҚазҰПУ,
«Дизайн» кафедрасының аға оқытушысы,
философия докторы Ph.D.
Қазақстан.

Ермаханбетова А.М.

Абай атындағы ҚазҰПУ,
«Дизайн» кафедрасының оқытушысы,
өнертану ғылымдарының магистрі.
Қазақстан.

MASTERING ARTS AND CRAFTS BY THE MEANS OF NATIONAL TAPESTRY

Smanova A. S.

Abai KazNPU,
Department of Design, Ph. D., associate Professor.
Kazakhstan.

Bekbolatova K.M.

Abay KazNPU,

"Design" Department of doctor of philosophy PhD.

Kazakhstan.

Ermaganbetova A.M.

KazNPU named after Abaya,

teacher of the Department "design", master of arts.

Kazakhstan.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада студенттердің шығармашылығын гобелен өнері арқылы дамыту. Болашақ өнер мамандарының біліктілік қажеттіліктері. Студенттерді ұлттық өнерге үйретудегі сәндік қолөнер бұйымдарын дайындаудың жүйесін. Қазақ ұлттық өнер түрлерінің теориялық негіздерін түсінюін. Оқытушының сабақ барысындағы ұстанымдары мен міндеттеріне сипаттамалар жасалынды. Гобелен өнері көркем шығармашылық туынды болып табылады. Авторлар аталмыш өнер түрін оқытып, үйретуде көнеден келе жатқан дәстүрлі тоқыма өнеріміздің әдіс-тәсілдері, заманауи өнердегі ұлттық элементтер, технологиялар ұсынылады. Гобелен тоқудың ерекшеліктері мен мүмкіндіктері қарастырылып, композициялық тепе-теңдік, түстік шешімдердің үйлесімділігі мәліметтері беріледі.

ABSTRACT

Development of students' creativity through the art of tapestries in the article. Qualification needs of future art specialists. System for the manufacture of decorative and applied arts in the training of students of the national art. The characteristics of the principles and tasks of the teacher during classes were compiled. Tapestry art is an artistic creation. The authors will teach and teach this type of art, offer modern methods and techniques of traditional textile art, national elements, and technologies in contemporary art. Features and possibilities of tapestry knitting are considered, information about compositional balance and harmony of color solutions is presented.

Кілтті сөздер: ұлттық өнер, сәндік қолданбалы өнер, мәдениет, тәрбие, маман, гобелен, тоқыма, студент, шығармашылық.

Keywords: national art, Decorative and applied art, culture, education, specialist, tapestry, textiles, student, creativity.

Кіріспе. Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасында «Білім және кәсіби машық-заманауи білім беру жүйесінің кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Мемлекет тарапынан жастардың сапалы білім мен саналы тәртіп алуына, қажетті мамандықты игеруіне, арман-мақсаттарын жүзеге асырулары үшін бар мүмкіндіктер жасалып келеді. Біздің ата-аналарымыз жете алмаған мұрат-мақсаттар, мүмкіндіктер біздің алдымызда есігін айқара ашып тұр. Біз, өз кезегімізде осы мүмкіндіктерді іске асыру барысында, бар күш-жігерімізді аямай, табысты жұмыс жасауымыз қажет. Тәуелсіз қазақ елінде тынбай еңбек етіп, еліміздің өркендеуіне өз үлесімізді қосу абыройлы іс - деп білуіміз қажет» - деп атап айтқан.

Адамның қоғамда өз орнын тауып, өзге тұлғалармен терезесі тең өмір сүруі оның таңдаған мамандығына байланысты. Сондықтан, қазіргі таңда студенттердің жеке тұлға ретінде қалыптасуы үшін мамандықты дұрыс таңдауы өте маңызды. Қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық қатынастар кәсіби білікті маманға өте жоғары талаптар қояды. Мамандықты таңдауға бірнеше психологиялық-педагогикалық себептер әсер етуі мүмкін. Әрбір адам қоғам мүшесі ретінде өзін бағалауды, құрметтеуді және махаббат пен еркіндікті сезінгісі келеді. Бұл жағдайда дұрыс таңдалған мамандықтың көмегі өте зор [1, 3 б.].

Негізгі мәтін. Қазақ халқының дүниеге көзқарасы мен материалдық мәдениетінің маңызды бір бөлігі болып келетін ұлттық өнердің көркем шығармашыл түрі ғана емес, сонымен қатар, қазіргі

таңда қажетті мамандықтардың санатына жатады. «Сәндік қолданбалы өнер» мамандығы бойынша білім алатын студенттердің шығармашылығын сабақ барысында қалай жетілдіреміз?! Білім беру жүйесіндегі педагогикалық-психологиялық қызмет бүгін үлкен өзгеріс үстінде. Студенттерге қажетті білім мен олардың дайындық сапасын, біліктілігін бағалаудың халықаралық бағдарламасы негізінде жүргізілген зерттеулерге тоқталар болсақ, өзгерістерді күнделікті оқу үрдісінде берілетін тапсырмалардан бастаудың қажет екендігін айқын көрсетеді. Студент пәнге қатысы жоқ ситуация туындаған сәтте, оның шешілу жолдарының өзіндік нұсқасын жасай білуі қажет. Сурет өнерінде және дизайнның әр түрлі бағыттарындағы колориттің күрделі түстерін анықтауға бейімделуі керек. Ұқсас түстердің өзара үйлесімділігін сезіну арқылы берілген тапсырмаларды орындауда студенттің нақты шешім қабылдаудағы шығармашылық мүмкіндіктерін оята алу керек. Ол студенттің құзырлығын көрсете білгендігі деп қарауымыз қажет. Табиғаттағы түстер адам үшін баға жетпес сый болғандықтан, суретші өз шығармашылығында қай түсті таңдау өз еркінде. Әр түстің өзіндік сыры бар. Оның маңызы - түстердің үйлесімінде болып табылады. Ұлттық таным - білім қайнары дей отырып, көк түстің тарихына үңілесек. Көне түркі тілінде, барлық түркі тілдес халықтарда «Көк» сөзі «Аспан» - деген ұғымды білдіреді. V-VIIIғ. Алтай шыңдарынан Қара теңіз жағалауына дейінгі кең байтақ елді мекенде қоныс еткен ежелгі түріктер аспанға, көкке табынған. Күлтегін ескерткіштеріндегі жазбада, олар өздерін «Көк

түркілер» - деп атаған. Тарихи сенім тұрғысынан қарағанда, көк түс - тәңірлік түс. Сондықтан да көк түсті атамекеннің, ата-бабалардың бейнесі есебінде кие тұтқан [2, 15 б.].

Қазақстан аймағында көне заманнан бері Тәңірге, Көк аспанға сену, оған табыну дәстүрі кеңінен тараған. Бұл сезім әлі күнге дейін сақталып келеді. Оның дәлелі ретінде ХХ ғасырда салынған көк түсті күмбезді мазарлар мысал бола алады. Көк түс түркі тілдес халықтар үшін қасиетті, киелі, әрі таза күйінде қала бермек. Ал көк түстің мәдени семантикалық тарихына тоқталатын болсақ, мемлекеттік тудағы көк түс Қазақстан халқының өз мемлекетін құру жолындағы ниетінің тазалығын білдіреді. Тудың көгілдір болуы ашық аспан күнбесін еске түсіреді. Көк аспан барлық халық үшін әрқашан бейбітшіліктің, тыныштықтың белгісі болған. Көк түстен бөлек өзге түстерге де таңдау жасайтын студенттің эстетикалық талғамы, дүниетанымы толыққанды қалыптасқан, жан-жақты білімді болуы шарт. Болашақта алған білімдері кез келген бояу түстерін таңдаған жағдайда да өз ұлтының ұлылығын танытатын, яғни ұлттық элементтерін көрсететін, шығармашылық жұмыстарын ұтымды орындауына септігін тигізетіне анық [7, 6 б.].

Қазіргі жастарымыздың арасында ұлттық өнерді дәріптеп, насихаттау жолында еңбектеніп жүргендері кемде-кем екенін айта кету керек. Қазіргі таңда, дәстүрлі ұлттық өнеріміз ұмытылып бара жатқанын ескере отырып, оқытушы өз сабақтарында бұл мәселенің өзектілігін түсіндіре отырып, оның шешу жолдарын қарастыруы керек. Әсіресе көнеден келе жатқан күнделікті тұрмыста пайдаға асатын сырмақ тігу, құрақ құрау, түрлі

тоқыма өнері ата-бабамыздан қалған мұра іспеттес екенін студент жіті түсінуі қажет.

Ертеңіміз бүгінгі жастар болғандықтан, келешекте олардың еңбектері тарих беттерінен орын алуы әбден мүмкін. Олар болашақ өнер мәдениетін қалыптастырушылар.

Мәселен гобелен өнерін тұңғыш рет Қазақстанға алып келген Құрасбек Тыныбековтың еңбек жолдарымен студентті таныстыра отырып, оның гобелен өнеріне деген қызығушылығын арттыруымыз керек. Бүгінгі таңда, аталмыш сала бойынша еңбек етіп жүрген Б.Зәуірбекова, Р.Базарбаева, М.Мұқанов, Алібай және Сәуле Бапановтар және т.б. шеберлердің шығармашылық жұмыстарымен таныстыра отырып, олардың жеткен жетістіктерімен шығармашылыққа бейімдеу қажет. Бұл мүмкіндіктерді жүзеге асыру, тиімділігіне қарай пайдалану оқытушыдан үлкен шеберлікті талап етеді. Білім ордасының педагогикалық процесіндегі инновациялық технологиялардың тиімділігін арттыру мақсаты қойылып отыр [3,17 б.].

Оқытушы студенттің шығармашылығын сабақ барысында жетілдіру үшін әр студенттің психологиялық, физиологиялық, жеке дара ерекшелігін ескеру керек. Білікті маман даярлауда жетілдірілген жүйе арқылы оқу саласында студентке керекті мағлұматты жеткізу үшін оқытушының алар орны ерекше. Кез-келген жерде білім саласына керегі бұл білікті маман, яғни өз ісінің шебері, ұлағатты ұстаз. Сондықтан да әрбір оқытушы өзін алдын-ала педагогикалық жұмысқа бейімдеуі қажет. Инновациялық ынталылықпен табандылыққа үйреніп, өз сенімін, тәжірибесін студентке жеткізе білуі керек.



Гобелен тоқу барысы

Халық арасында «Жаман оқытушы ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы оқытушы студенттің өзін ізденуге жетелейді, ойлауға үйретеді», - деген пікір қалыптасқан. Сабақ барысында студентпен оқытушының арасында ерекше қарым қатынас

болуы маңызды. Оқытушы бұл жағдайда танымдық іс-әрекетті ұйымдастырып, студенттің шығармашылыққа қызығушылығын арттыруы тиіс. Әрқашанда барлық адамзат алдында тұрған күрделі мәселелердің бірі – қоршаған ортаны танып білу.

Яғни, өзіміз өмір сүріп, күнделікті тіршілік қажетімізге пайдаланып отырған табиғат туралы білімді тереңдету.

Студентті шығармашылыққа баулу барысында табиғат жайындағы жалпылама әңгімеден гөрі, оларға күнделікті көріп, біліп жүрген, жақсы таныс құбылыстардың мәнін ашып, жасалған жұмыстар арқылы көрсету керек. Сонда ғана сабақтың мәні артып, қоршаған ортамен және саяси қоғамдық, экономикалық, экологиялық жағдайлармен байланыстыруға, студенттің өзіндік дүниетанымын, ойлау қабілетін жетілдіруге негіз болады. Бұл орайда, оқытушының міндеті: студенттерді өздерінің айналысындағы құбылыстармен, заттарды бақылауға; олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ажырата білуге; ерекшеліктері бойынша топтастыруға; табиғат арасындағы байланыстарды анықтай білуге; өздері бақылаған фактілерден қорытындылар шығара білуге үйрету [4, 27-28б.].

XXI ғасыр адамның шығармашылығы дәуірлеген ғасыр екені баршамызға аян. Адамзат баласы қол жеткізген жетістіктер негізінде жаңалық ашу, қиялындағы дүниені қағаз бетіне түсіру өркениеттіліктің белгісі. Осы тұрғыда қарайтын болсақ, сәндік өнер мамандығы студенттерін шығармашылыққа баулу арқылы жеке тұлға етіп қалыптастыру басты міндеттеріміздің бірі. Бұл міндеттерді жүзеге асыруда, студенттің білімге ынта-ықыласын арттыру, оны шығармашылыққа жетелеу ұстаздың құзырында. Ол үшін әрбір педагог заман талабына сай жұмыста шығармашылықпен, озық педагогикалық шеберлікпен уақытты ұтымды пайдалана отырып, өз сабағын мейлінше сапалы өткізуге тиіс. Уақыт талабы оқу-тәрбие процесін батыл интенсификациялау-студенттердің білім жүйесін сапалық жаңа деңгейге көтеру үшін ұстаздан терең білімділікті, кәсіптік шеберлікті талап етеді. Осы талаптарға сай, ұстаз қызметіндегі шығармашылық негіздерді нығайту, студенттерге білімді игеруде бар мүмкіншілікті тиімді пайдаланып, барлық әдіс-тәсілдерді жетілдіріп отырғанда ғана, сапалы білім беру жүзеге асады. Қазіргі таңда, өнер саласында әрбір ұстаздың өзіндік орны бар. Сабақ түсіндіруде бірі ғылымға сүйенсе, екіншісі бойындағы білімге сүйенеді. Енді бірі ғылымды да, білімді де тұрмыспен ұштастырып, студентке ойын тәжірибе жүзінде жеткізуге тырысады. Мінекей, осындай үш қасиетті бойына бірдей жинақтаған оқытушыларымыз көптеп кездеседі. Олар ұлттық қолөнер бұйымдарын жасаудағы қазақ халқының асқан шеберлігін паш ете отырып, ұлттық бұйымдардың байырғы аттарын, олардың жасалу жолдарын жетік біледі. Гобелен тоқу өнерін үйрету барысында студенттерді шыдамдылыққа, әсемдікке, еңбек сүйгіштікке тәрбиелей отырып, гобелен тоқуға деген қызығушылығын арттырамыз. Гобеленге түскен әртүрлі жіппен бейнеленген өрнектерді көргенде, студенттердің гобелен тоқуға деген ынтасы ерекше болады. Әсіресе, оқуға жаңадан келген студенттердің ынтасы жоғары. Бұрынғы кездегі кілемдерге табиғат көріністері

әртүрлі ою-өрнектер салынатын. Ал қазіргі таңда, гобелендерге кез келген адам қиялындағы нәрселерді салуға болады. Атап айтқанда, адам бейнесі, жануарлар, сәулет кесенелері, табиғат аясында болып жатқан құбылыстар мен тарихи орындарды гобеленге бейнелеуге болады. Гобеленнің қажеттілігіне қарай, тоқушының ой-қиялы да ұшқыр болуы қажет [6, 15 б.].

Табиғаттағы тіршілік атаулысы бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста екені мәлім. Әрдайым өзара байланыста болатын бұл құбылыстың бірінде болып жатқан өзгеріс міндетті түрде екіншісіне әсер етеді. Бұл тіршілік тізбегі ұзақ дәуірлерде бірте-бірте қалыптасқан. Оны ғылыми тілде табиғи тепе-теңдік деп атайды. Бұл тіршілік тізбегі «Теңелу» жұмысында (гобелен) айқын көрсетілген (сурет -1). Табиғат бізге тек қана шарттарды ғана береді. Қоршаған орта көз тартарлық көркемдігімен адамды шалқар шабытқа бөлей отырып, бойындағы еңбекқорлық қабілетін тудырады.

«Адам тек ғылым заңдарына сәйкес қана емес, әдемілік заңы бойыншада еңбек етеді», - деп атап көрсеткен болатын Карл Маркс. Өнер арқылы біртұтас мәдениетті айқындауға болады. Өзінің тұңғыш тереңінде болып жатқан құбылыстарын айнаға қарап көргендей әсер қалдырады. Сондықтан да өнерді «Мәдениеттің айнасы» - деп айтуға негіз бар. Нақты тарихи оқиғалар шеңберінде орын алып жатқан мәдениетті ұлттық өнер арқылы көреміз. Соның ішінде бейнелеу өнерінің түрі – гобелен өнері. Бұл өнердің технологиялық тұстары өте күрделі болып келеді. Гобелен тоқылмас бұрын, алдымен гобелен техникасына лайықтап эскизі салынады. Гобелен тоқуға арнайы эскиз салғанда ұсақ бөліктерге көңіл бөлудің қажеті жоқ. Ең бастысы композициялық тепе-теңдікті сақтай отырып, негізгі ойды көрсететін бейнелерден бастаған жөн. Ал түстер үйлесіміне келетін болсақ, ашық әрі қатты көзге түспейтін бәсеңдеу түстерді пайдаланған ұтымды көрінеді.


Эскизді керекті өлшемде үлкейтіп, жақтауға (рамкаға) керілген жіптердің артқы бөлігіне орналастырып, бекітіледі. Студенттерге гобелен тоқыту барысында гобеленнің шетінің түзу болуын қадағалау маңызды. Сонымен қатар, гобеленге қажетті материалды ұқыпты пайдаланып, гобеленнің сапасына айрықша көңіл бөлу керектігін студенттерге жете түсіндірген жөн. Заманауи көркем өнерде гобелен өнері зор табысқа ие. Гобелен өзінің құрылған композициялық бағыты мен әсем құндылығымен жылдар, ғасырлар бойы сақталып келеді. Гобелен негізінен көркем шығармашылық туынды болып табылады. Қысқаша айтқанда, гобелен өнерін оқытып, үйрету дегеніміз көнеден келе жатқан дәстүрлі тоқыма өнеріміздің әдіс-тәсілдерін жетілдіру болып табылады [5, 14 б.].

Ұлттық мәдениетіміздің қолданбалы дәстүрлі өнері халқымыздың тарихымен, дүниетанымымен үндесіп, өзіндік тылсым сыры бар киелі әрі қасиетті өнер болып қалыптасқан. Қазақ халқы ұлттық өнерімізді құрметпен сақтай келе, ұрпақтан

ұрпаққа жеткізіп, рухани-мәдени мұраға айналдыра білген. Келешекке үлгі өнге ретінде қалдырған. Өткенімізге сүйене отырып, оны зерттей келе керемет шығармашылық туындылардың өмірге келуі соның айғағы.

«Теңелу» жұмысына сипаттама. Көшпенділердің дүниетанымы қоршаған ортамен тығыз байланысты болған. Табиғи құбылыстар дала халқының мәдениетінде айқын көрініп, көшпелі халықтың діні мен ғарыш кеңістігімен тікелей байланысты. Күн энергиясы жылу көзі ғана емес, сонымен бірге ғаламның негізін қалаушысы.

Шексіз даланың көктем мезгілі - жаңа өмірдің бастауы ретінде табиғат заңдылығымен белгіленген. Наурыз айында күн мен түн теңеледі. Өйткені, табиғаттың өзіндік тепе-теңдігі бар. «Теңелу» атты шығармашылық жұмыста бұл болжам нақты көрсетілген. Шығарманың екі бөлігінде (түн мен күнде) ашық сары түс белгілі бір мөлшерде ұтымды қолданылып, автордың түстер үйлесімімен тақырыптық ойды кәсіби шеберлікпен орындағанын байқауға болады. Түйе бейнесіндегі ою-өрнектер ұлы даланы, биік шырдарды, аспан кендігін суреттейтін композициялық шешімге ие.



Сурет -1. Ермаханбетова А.М. Сурет-2. Ермаханбетова А.М.
Гобелен «Теңелу» 2019 ж. Гобелен «Ұлттық мінез» 2017 ж.

«Ұлттық мінез» атты шығармашылық жұмысына сипаттама. Бұл жұмыста ұлы дала табиғаты, қазақ мәдениеті бейнеленген. Туынды авангард стилінде, ұлттық элементтер үйлесімімен орындалған. Қанық ренді түстер нәзік ақ түстермен үйлесіп, жұмыстағы сызықтар символдарды айқын көрсететін контраст түстердің үйлесімді шешімдері көрсетілген. Әр ою-өрнектің мағынасы қазақ жерін мекендеген ұлттың әдет-ғұрпын тікелей көрсетеді.

Қорытынды. Қазіргі таңда, қазақ халқының сан ғасырлық бай мәдениеті мен өнерін жаңа заман талаптарына сай дамытып, әлемге паш етіп, ұлттық болмысымызды сақтап қалу маңызды. Әрбір оқытушының студенттерге ұлттық өнер мен мәдениетімізді, салт-дәстүрімізді үйрету жолындағы күн сайынғы қажырлы еңбегінің арқасында болатынын есте сақтайық. Ұлттық өнер тәрбие негізі, өмірді өнермен өрнектеп, білім бесігін өнермен тербетіп, студенттердің жетістіктеріне шаттанып жүру оқытушының зор мәртебесі. Ұлттық өнердің ұлы көші тоқтамасын деп тілейік! Жас ұрпақтың жаңаша ойлап, барлық кедергілерді жеңіп, табысқа талпынуы өз қолымызда. «Оқусыз-білім жоқ, білімсіз күнің жоқ», - деген халық даналығы ешқашан мәнін жоғалтпайды. Сәндік қолданбалы өнер кез келген адамның эстетикалық талғамын қалыптастырып, ұлттық ерекшелігін паш етуге мүмкіндік беретін

өнер саласы. Әсіресе, студенттердің өз тарихын, мәдени мұрасын тануы үшін қазақтың ою-өрнегі мен қолөнер бұйымдарын насихаттаудың маңызы зор. Сәндік қолданбалы өнер саласы бойынша мамандық таңдап келген студенттерге бай мұрасы сан ғасырлар бойы қалыптасқан өнердің қыр сырын үйретіп қана қоймай, тарихты танып білуге, ескі технологияларды заман талабына сай жетілдіруге және эстетикалық талғамын қалыптастыруға үлес қосу керек. Бұл ұстаздың, яғни оқытушы алдында жауапкершілік арқалаған оқытушының тікелей міндеті болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Мектеп. Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал. - № 01(64). - Шымкент: Жебе, 2008 ж.
- 2 Қасиманов С. «Қазақ халқының қолөнері». - Алматы: Қазақстан, 1969 ж.
- 3 Тұрлығұл Т., Жолдасбаев С., Қожақеева Л. Қазақстан тарихы. - Алматы: Мектеп, 2011 ж.
- 4 Мектеп. Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал. - № 9 (36). - Шымкент: Жебе, 2006 ж.
- 5 Мектеп. Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал. - № 9 (110). - Шымкент: Жебе, 2012 ж.

«География және табиғат. Ғылыми педагогикалық журнал. № 4 (1-64). – Алматы, 2004 ж.

7Арғынбаев Х.А. «Қазақ халқының қолөнері». – Алматы, 1987 ж.

MUSIC EDUCATION IN RUSSIA OF THE XIII – XX CENTURIES: HISTORICAL REVIEW

Sorokoletova Natalya D.

*teacher of a Municipal budgetary institution of additional education
«Children's music and choral school of Belgorod»,
Belgorod, Russia*

ABSTRACT

The article deals in General terms with musical education in Russia of a certain historical period; reveals the historical stages of the formation of various approaches to working with singing voices; analyzes music and singing schools for voice production and the development of musical hearing and intonation in the works of V. Manfredini, M. I. Glinka, E. Varlamov, F. Odоеvsky, A.D. Castalsky.

Keywords: singing sound, sound science, vocal tone, children's voice production, «separate speech» singing, vocalization, timbre, sound support, psycho-realistic school of truthful singing, concentric method.

«Language and singing, speech and singing sound, vocal tone have already become the subject of observation in ancient times, which is reflected in the worldview, cosmogonic concepts, mythology and magic of the ancient world, not to mention anything about philosophy and poetry, about ritual and customs, about everyday life» [1, p.37]. Humanity's desire to Express its emotions, feelings, and aspirations through musical and expressive tools is permanent. The sounds of nature resonated in the souls of people who still lived in the primitive communal system, forcing them to think more widely and deeply. The quotation that begins the research work on identifying the features of children's voice production in pre-revolutionary Russia can be used as an epigraph. It clearly shows us that, first, singing and voice stirred the minds of many scientists, philosophers, pushed them to interesting research in this area, and, secondly, as in ancient times, ordinary people began to pay attention to sound production, which gave rise to many myths and reflected in the worldview of entire peoples. The singing voice, for example, in ancient Indian culture, was compared to phenomena in nature, it was given a divine meaning. Among the peoples who lived from generation to generation on the territory of China or India, sounds embodied in a specific musical form were generally considered a sound model of the Universe. In Ancient Greece, music in General played a fundamental role in culture and in the state system. «Ancient music was primarily vocal and ancient melodies were intended not for instrumental performance, but for singing» [8, p.15]. «The aesthetic principles of ancient Greece grew out of singing» [1, p. 49].

Since ancient times, Russia has also paid much attention to musical culture and the singing voice. A lot of work was devoted to the development of vocal and methodological recommendations for voice production, in particular, for children. M. M. Apeksimova devoted a lot of works to these issues. She investigated the origins of the ancient Russian singing art [3, p. 74-75]. A child's voice is a special tool that requires a special approach to education and development. In this study, we are interested in

questions about the education of children's voices and didactic needs to improve the methods of staging children's voices in the Russian state in the historical context. Our state, from ancient times to the present time, has paid great attention to these issues. Choral training is the Foundation of the foundations in the formation of the singing voice, at least, so many scientists believe. And this is confirmed by historical documents that mention monasteries and other religious institutions where students were trained in Church choirs, and through this training, students got an idea of the main methods of voice production. But the training was, I emphasize, collective. At that time, individual classes were little practiced. «In ancient Russia of the XI-XIII centuries, children were taught to sing from the age of 6-7 in monastic and Church schools, which were the guides of musical culture. Many skilled singers came out of them, and there were also good choirs of Church singers» [7, p. 20]. Working with the choir bore fruit, so the method of collective training was fully justified. For sure, even in those immemorial times there were individuals who had special bright vocal data with multi-faceted abilities, but simply in the musical performing tradition there were no personalized individual parts that would have had public publicity. However, as a rule, in monasteries and parochial schools, boys were involved in musical training and a lot of attention was paid to the production of their voices, taking into account mutation processes, and appropriate methods were developed. An interesting fact is that already in the XI century special schools for girls were formed. The first of them are mentioned in the history of St. Andrew's monastery in Kiev. In Many schools and colleges, singing was one of the main subjects. D. L. Lokshin wrote in his writings that «a singer or a master of letters took a student and taught him to read, write and sing» [9, p.13]. Here the main idea is revealed – a harmonious personality can be brought up through training in basic Sciences: reading, writing and, most interestingly, singing. Does this mean that singing, as well as basic reading and writing skills, indicate a person's education?